

# “МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ”



“Жалпақ жұртыңды, игі алашыңды құрметтеу  
алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын,  
табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан  
басталады”

Н.Ә. Назарбаев

Өлкетану  
-ізвестіру



Табиғат  
және  
экология

**“Менің  
туған  
өлкем”**


Туризм  
және  
спорт

Тарих  
қойнауында

***Ұлы Жеңіске 70- жыл !***



# Кеңес Одагының батыры Есен Шегрейұлы Орақбаев



Батырға жиырма үш жаста ие болған.  
Естіген ел-жұртының көңілі толған.  
Көтеріп қазақ ұлты мәртебесін,  
Ұлына ата-анасы мейірі қанған.

# Өмір - дерек

- Е.Ш.Орақбаев атамыз, Сисенқұдық ауылы, (Тайпақ ауданы) қазіргі Ақжайық ауданында, 1922 жылы 3 қаңтарда дүниеге келген. 1942 жылы Фурманов педагогикалық училищесінде оқып жүргенде өзі сұранып соғысқа аттанды. Ростов қаласындағы артиллерия училищесін табысты аяқтап, Орақбаев Е.Ш.Чехославакияны, Венгрияны, жаудан азат ету үшін болған ұрыстардың қақ ортасында болды. 1944 жылы взвод командирі Е.Орақбаев Тисса өзенінен жауып тұрған жау оғына қарамай жанын шүберекке түйіп бірінші болып өтіп арғы беттегі жаумен шайқасты. Оның осы жылдар ішіндегі ерлігі жоғары бағаланып, 25 наурыздың 1945 жылдарында оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

# Соғыста жүріп өткен жолдары



# *Елге оралып еңбек еткен кездері*

- Соғыстан оралғаннан кейін Орал облысының партия, совет органдарында жұмыс істеді. 1949 жылы Алматы жоғарғы партия мектебін, 1966 жылы КПСС ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірді. Е.Ш.Орақбаев 1968 – 1986 жылдар аралығында Красногор заводының директоры қызметін атқарды. Осы жылдар ішінде ауыл шаруашылығын дамытудағы табыстары үшін «Красногор» жылқы заводы бір рет Бүкіл Одақтың, екі мәрте республикалық социалистік жарыс жүлдегері болды. Е.Ш. Орақбаевтың еңбектерінің бірі – Қазақстан Ленин комсомол сыйлығының жүлдегері аталған. «СӘУЛЕ» қыз – келіншектер трактор бригадасын құруы еді. Бригада алғаш рет 1971 жылы мамырдың 30-да құрылған еді. Бригада мал азығын дайындауда 25 мың центнердің орнына 50-60 мың центнер мал азығын дайындап отырды.

# *“Сауле” қыздар бригадасы*






# "Крестьянка" газеті



## Красногорская Девичья



Всемерно поддерживать движение за овладение юншами и девушками, всеми тружениками колхозов и совхозов сельскохозойтвенной техникой

Всесторонне поддерживать движение за овладение юншами и девушками, всеми тружениками колхозов и совхозов сельскохозойтвенной техникой

### ИЗ Опыта РАБОТЫ КОМСОМОДСКО-МОЛОДЕЖНОЙ ЖЕНСКОЙ ТРАКТОРНОЙ БРИГАДЫ "САУЛЕ" КОНЕЗАВОДА "КРАСНОГОРСКИЙ"

Вот она, эта наша жизнь — прекрасная, трудная и героическая жизнь. Мы живем в мирное время, но мы знаем, что мирное время — это не время покоя. Мы знаем, что мирное время — это время борьбы. Мы знаем, что мирное время — это время труда. Мы знаем, что мирное время — это время ответственности.

... (The text continues with a detailed account of the brigade's work, mentioning challenges like weather and equipment, and the role of the women in overcoming them. It highlights the physical and mental demands of tractor work and the sense of duty and pride that drives the women.)



За большие заслуги в обучении и воспитании молодежи, К. Терехина награждена орденом Трудовой Славы 2-й степени. Красная Знамя и «Знак Почета», она избрана депутатом II съезда профсоюзных делегатов.

... (The text describes the experiences of other women in the brigade, such as Anna Zhukova, who has been working on tractors since her first year of work. It details the technical aspects of tractor operation and the camaraderie among the women.)

Для себя она знает, что в бригаде и Домике Уточниковой, занимается импортом. Шустров, завершивший, отстраивая лодку сразу закончил работы. Она имену не ждет гусей. И сел, и слышал, интересной истории дождиком, и гусиным как мало. Она избрана дежурной бригады.

... (The text continues with descriptions of various women's contributions to the brigade's success, including their roles in maintenance and education.)

Девочки нашей бригады...

... (The text concludes with a reflection on the brigade's achievements and the role of the women in the collective's success.)



Управленки объединения колхозов. Основным профсоюзом объединенной сельхозной А. В. Основными управлениями сельхозной А. В. Основными управлениями сельхозной А. В.

**Есен атамыздың  
басшылығымен салынған  
мектеп**



# *Мәдениет үйі*



# *Мектеп жатақханасы*



**Есен атамыздың соғыста қаза тапқан  
боздақтарға арнап салдырған мәңгілік алау  
ескерткішінің макеті**



21.04.10 10:28

## *Есен атамызбен жұмыстас, таныс болған Нәсіпқали Мақанов ағамызбен жүздесу*



- Есен Шегрейұлы Алғабас ауылында жұмыс істеп жүрген кезінде Есағанмен бірге бөлімшелерді аралауға тура келді. Уақыт наурыз айының іші жер телегей-теңіз су шұңқырлардың барлығы суға толып айнала жалтырап жатыр. Рутьде Есағанның өзі, бір уақытта машинамыз шұңқырға түсіп кетті, оны шығара алмай біраз әуре болып, болмағасын тастап ауылға қайттық. Түн, айналаның бәрі жалтырап жатқан шұңқыр су. Содан мен “Аға, мен жаспын алға жүрейін”-десем, “Жоқ, мен жасарымды жасадым, асарымды асадым, болашақ сіздердікі мен алға жүрем”-деп өзі жол бастап түнгі 2де ауылға қайттық. Сол кезде маған үлкен әсер берген жағдай ол кісінің қан майданды басынан өткізіп, енді бейбіт өмірде де өз қамын ойламай болашақ ұрпақты, келешекті ойлауы.

## *Батыр атамызбен жұмыстас, таныс болып бірге жүрген Ғайсағали Тomanов ағамызбен кездесу*



- Мен Су шаруашылығы басқармасының бастығы болып жұмыс істеп жүрген кезімде, Есағаңмен жұмыстас болдым. Ол кезде Жаңақала ауданының тек 17 мың гектар жері ғана суарылған, Есағаң өзінің территориясына су тартып 30 мың гектарға жеткізді. Бірде екеуміз сол суарылған жерлерді аралап қайтуға бардық, сонда ол кісі етігінің қонышына дейін судың ортасына барып, “Ай, Ғайса қараш бұл жер 10-15 күн өткен соң көкорай шалғынға айналады еңбек қайттығой қайты”-деп балаша қуанатын. Сол сәт әлі есімнен кетпейді.

## *Есен атамызбен таныс, жұмыстас болған Қайыржанов Құмарғали ағамызбен сұхбаттасу*



- Мен Есен Шегрейұлы Орақбаевпен жұмыстас, таныс болдым. Ол азам өте қарапайым, өз ісіне берік батырмын деп көкірегін кермеген жаны таза, адал жан. Бірде су жіберу жөнінде облыстан бір адам келеді, оған жұмысшы тәріздес аяғына керзі етік киген адам келіп жолығып, су жөнінде сұрастырады, содан әлгі адам: Сен кімсің? –десе, “Мен осы ауылдың директорымын, Кеңес Одағының батырларының бірімін” - депті. Ол адам сенбей, аудан басшысына хабарласып, маған осындай адам келіп жолықты сенейін бе, сенбейін бе? - деп сұраған екен. Аудан басшысы дұрыс, ол адам Кеңес Одағының Батыры деп жауап беріпті.



# Батыр атамыздың қызы Гүлнар Орақбаева апаймен жүздесу



- Әкем бізге ығни майдан даласындағы әңгімелерін айтып әрдайым “Барға қанағат қылыңдар” –деп өзінің майдан даласында қаза болған жолдастарын еске алып, “қыршын кеткен боздақтар”- деп өзегі өртеніп,өкінішін білдіріп отыратын. Әкем отбасымызды алып “Той терегі” деген жерге барып табиғат аясында демалғанды және қырларды аралап, каналдардың қасында ұзақ қарап тұрғанды ұнатушы еді.Әкем сол кездері “Қарақұдық” деген жерге аэропорт салам, сосын көшім тұқымды жылқыларымызды Италияға,Америкаға шет елдерге шығарамыз”-деп армандап отырушы еді.Бұл әкемнің орындалмай кеткен арманы.

# Батыр атамыздың келіні Райса Байғалиевамен кездесу



- Бұл атамыз менің өмірімдегі алғашқы ұстазым. Мен де “Сауле” қыздар бригадасының мүшесінде болғам. Атам ешқашан балаларына қатты сөйлемейтін, ренжісе үндемей қалатын. Сол кезде біз өзіміздің қателігімізді түсінетінбіз. Біздің үйімізге қонақ көп келуші еді, атамның өз ортасында әзілі жарасқан, ұтымды сөйлейтінін, басқа адамдарға қарағанда өресінің кең екендігін, мінезінің ашық, жарқындығына, тапқырлығына іштей тәнті болып, атамды мақтан тұтып жүруші едім. Сол қонқтардың бірі Әсет Бейсеуов ағамыз атамызға “Ағаларым” әнін, анамызға “Жайықтағы жөнешем әнін” сыйлаған болатын.

# Есен атамыздың мұражайдағы орны



*Есен атамызбен жұмыстас, ауылдас болған ағамыз  
Еслямғалиев Бигали ағамызбен кездесу.*



Есен Шегрейұлы Қызылбаба ауылында директор болып тұрған кезінде құрылыс өте қарқынды дамыды, атап айтсақ; МТМ, мектеп, жатахана, мәдениет үйі, үйлер салынды, ескерткіш орнатылды. Сонымен қатар, бұрынғы көлтабандардан су шығартып, соның арқасында жеріміз шабындыққа мол болды. Есағаңның еңбегінің жемісін күні бүгінге дейін көріп отырмыз.

# “Сауле” қыздар бригадасының бригадирі болған Өтеішқалиева Дәмелі апаймен жүздесу



“Сауле” қыздар бригадасы Есен ағайдың басшылығымен құрылған бригада. Ол кісі өте қарапайым, мейірімді, адал жан болатын. Ағай біздің еңбегімізді бағалап жыл сайын біздерді курорттарға, шет елдерге жіберіп отырды. Бізді өз қыздарынан кем көрген емес, бірде Айтпай деген елді-мекенге тойға барып, таңда қайттық. Ұйқымыз шала, көзіміз іліне берген соң тракторды сөндіріп, астына жатып ұйықтай кеттік. Ұйқымыздың қаттылығы сондай қасымызға машинамен келіп, малдасын құрып отырған басшымызды байқамаппыз. “Ал, қыздар, ұйқы қандыма” дегенде, бәріміз атып-атып түрегелдік. Сонда ағай “Қайта трактордың үстінде ұйықтамай, жерге түсіп жатқандарыңа да рахмет” деп жымыып қасымызда отыр. Басқа басшы болса, осылай істермеді? Есен ағайдай адам кемде-кем.

# *Батыр атамыздың қабірінде оқушылар тағзым етуде*



# Батыр атаға арнау



Артына ұмытылмас із қалдырған,  
Кетседе алыс жолға жоқ қой арман.  
Арнайы әнге қосып жүретұғын,  
Өмірін жалғастырар біз балдырған.  
Мен туылдым Қызылоба текті елінде,  
Білімнің сусындаймын өткелінде.  
Жақсы оқып, еш ұятқа  
қалдырмаймын,  
Атақты Батыр ата мектебіне.  
Естіген білгенімді ойға түйіп,  
Ерлігін Атамыздың қалды сүйіп.  
Осындай мектебінде білім алып,  
Жүргенге мақтанамын басымды иіп.

# *Мәңгі өшпейтін ұлы бейне*



Атағы шықты ерлікте.  
Асқар тау ең тірлікте.  
Аруағыңды қастерлей.  
Есімің қалар жүректе.